

«Бекітілді»

ҚМҚК №38 «Аққайың» бөбекжай – бақшасының
у.м.а меңгерушісі:  Султанова.Р.Т

«» «» 2022-2023оқу жылы
№ 1 Педагогикалық кеңес шешімімен



Вариативтік компонент

«Кел, билейік!»

ересек тобы.

Түсінік хат

Мектепкі дейінгі ұйымдардың 4 – 5 жас аралығындағы тәрбиленушілерге арналған.

Би өнерімен айналысу балаларға жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді. Нақты жеңіл қозғалыспен дұрыс жүріп тұруына, иілгіштік қабілетінің артуына, ауамен дұрыс демалуына, музыканың екпінін, буын ырғағын, мазмұнын ажырата білуге көмектеседі. Ол үшін ойын түрінде берілетін нақты қимыл қозғалыс жаттығуларына көбірек көңіл бөлуі қажет. Олар қимыл қозғалыспен музыканы үйлестіру шеберлігін дамытады. Олай болса біздің бала бақшамызда дене тәрбиесі сабағынан басқа – ырғақ жаттығулары үйірмесі қосымша жүргізіледі.

Ырғақ – балалардың қабылдауын қозғалыс-қимыл арқылы белсендіретін сазды-педагогикалық тәртіп.

Мектепке дейінгі жасындағы балалар үшін жүгіру, билеу, секіру, жалпы ойын түрлері маңызды орын алады. Сондықтан балалар бұл сабаққа қызыға қатысады. Ол үшін әр сабақты түрлендіріп өткізу мұғалімнен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді.

Сабақтың негізгі бөлігі – хореография, мұнда балалар халық билерінде кездесетін негізгі қимыл-әрекеттерді үйреніп қана қоймай, пластикалық қозғалыстарға жаттығады. Сабақтың соңында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында әр түрлі әуендерге 10 минут еркін ырғақта билейді.

Ырғақты жаттығулардың мақсаты - әуен ырғағына ере отырып, өз денелерін еркін қозғалысқа енгізе отырып, жеңіл және күрделі қимылдарды өздегінен орындай алуға машықтандыру.

Бұл мақсатқа жету үшін төмендегі жаттығуларды қолдану қажет:

- Есте сақтау, ұқыптылық және қоғамдық ортадағы дамуына;
- Қимыл-әрекетінің шапшаңдығына;
- Негізгі іс-әрекетті игеруіне: жүру, жүгіру, секіру, жүрудің әр түрлеріне;
- Дене ағзасын еркін ұстауына т.б. Сонымен қатар бұл сабақтың балалар үшін маңыздылығы сол, баланың танымдық әрекетінің, сұлулық пен көркемдікті сүйюіне өз ықпалын тигізеді.

Би — музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-әсерлері би қимыл-қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аншылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл — бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды.

Би - музыка өнерімен сабақтас сабақтас халық өнерінің бір түрі. Қазақтың би өнері ерте заманнан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Би өнері халқымыздың салт - дәстүрі, тұрмыс - тіршілігіне байланысты туындаған. Қазақтың ежелгі би өнері жайлы ертегі, аңыз, дастандарда айтылады. Ертедегі қазақ билері киіз үйлердің ішінде биленетін болғандықтан, алуан түрлі қимылдармен қатар бет - әлпет құбылулары арқылы да бейнеленген. Сондықтан балалар бұл үйірмеге қызыға қатысады. Ол үшін әр сабақты түрлендіріп өткізу мұғалімнен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді.

Би өнерінің мақсаттары: Ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай мұрасымен бірдей дамыған би өнері туралы, қазақтың белгілі бишілері жайлы тиянақты түсінік беру. Балалардың дене білімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

Би үйрмесінің міндеттері:

- Сезіну, есту қабілетін дамыту.
- Қимыл - қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.
- Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.
- Музыкалық шығармалардың буын - ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.
- Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.
- Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру.
- Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.
- Балалардың би әуендерін сезіну, түсіну қабілеттерін дамыту, есте сақтау ілікке, еңбекқорлыққа, табиғатты сүйе білуге, эстетикалық талғамын арттыруға, патриоттық сезімге би өнері арқылы тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс - тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін - өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады.


Би туралы түсінік – 1 сағат

Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге би өнері қомақты әсерін тигізеді. Балалардышаттық шеңберге тұрғызу және оларға бидің негізгі қимылдарымен таныстыру, денені дұрыс ұстауға, маршпен жүгіруге, музыканы жақсылап тыңдауға үйрету. Музыка жанрларын ажырату (күй, ән, би, марш).



Халық биі «Қаражорға» – 2 сағат

Оқушыларды қаражорға биінің шығу тарихымен таныстыру, оны насихаттаужүру барысы бойыншабалаларға бұл бидің негізгі қимылдарымен таныстыру. Қимылдық іс – әрекеттерін дамыту. Балаларға суретарқылы түсіндіріп көрсету.



«Гүлдер» биі – 2 сағат

Балаларға затпен билеу қимыл түрлерімен таныстыру. Қол моторикасына арналған қимыл жаттығулары. Қимылдарды жасай отырып ән айту. Балалардан қандай гүлдерді ұнататыны туралы сұрақ қою. Гүл не үшін керек? Үйренген «Гүлдер» биінің қимылдарын бір қалыпта, бірдей уақытта музыка ырғағымен қайталап шығу.

Қазіргі би ырғақтары – 2 сағат

Балаларды 2 қатарға тұрғызып, денені қалай дұрыс ұстауын, дұрыс тұруын негізгі қимылдарды меңгеру. Икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақты би қимылы баланың ішкі барлық ағзаларына әсер етеді.

Балдырғандар вальсі – 2 сағат

Балаларды екі ескіден тұрғызып оларға дұрыс жүру түрлерін көрсетіп, негізгі қимылдарды меңгеру.

«Сарбаздар» биі – 2 сағат

Сарбаздар биін үйрету арқылы ұлттық өнерді насихаттау, жас ұрпаққа халықтық би өнерінің қыр – сырын үйрету, өз елінің патриоты мен азаматын және эстетикалық талғамның жоғары болуына тәрбиелеу. Сазды әуенмен би ырғағын түсіндіру.

«Гном» биі – 2 сағат

Әзірлік қалпы – екі қол екі бүйірде еркін түрде төмен жіберілген, қол білезіктері алақандарымен дене тұрқына қаратылған. I позиция -өзінің таза түрінде гном билеріне тән емес. II позиция - екі қол екі шетке көтерілген, шынтақтар еркін ұсталған, қолдардың білезіктері алақандармен алға қарай бағытталған және сәл ғана жоғары көтерілген. III позиция – таза түрінде гном билері үшін сипатты емес. Дегенмен де бір қол, әсіресе жұп болып билегенде III позицияда жиірек болады, екінші қол еркін түрде төмен жіберілген немесе белінде болады.

«Құстар» биі – 2 сағат

Балаларды жұптасып жүруге, үлкен-кіші адыммен шашырап жүруге үйрету. Би өнеріне еліктіру, қояндар биінің үйлесімді орындай білуге үйрету. Аңдарға деген қамқорлық сезімін ояту арқылы тәрбиелеу.

Халық бийі «Айгөлек» – 2 сағат

«Айгөлек» халық бийінің сипатымен мазмұнын түсіндіру. Би қимылының таза орындалуының «Айгөлек» әнінің сөзін дұрыс тыңдап музыкаға еріп отыру би қимылын қалыптастыру. Сапқа тұрып би қимылымен амандасу. Саптық жаттығулар жасау. Өткен сабақтағы би қимылдарын қайталау.

«Көбелек бийі» – 2 сағат

Көбелек бийінің жүру мен жүгіру түрлерін үйрету. Би қимылы арқылы денелерін дұрыс ұстауға қалыптастыру. Әуенді есту, сезіну. Шапшаң қимылдауға баулу. Көбелектерге камкор болуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі - құралдар: музыкалық аппаратура, флешка, гулдер мен көбелектер
Сөздік жұмыс: Біз билейміз – мы танцует, көбелек - бабочка

«Чунга – чанга» бийі – 2 сағат

Балаларға "Чунга-чанга" бийі туралы жан-жақты түсінік беру. Олардың танымдық қабілеттерін арттыру. Әуен мен ырғақты түсінуге баулы, дене қимыл - қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру. Міндеттері: Бірнеше бөліктен тұратын би қимылдарын, олардың орындалуын үйрету. Балаларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой-өрістерін тәрбиелеу. Балалардың ойлау, есту сақтау қабілеттерін дамыта отырып, би сабағына деген қызығушылықтарына арттыру. Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын жаттығу.

«Әр ұлттың бийі папури» – 2 сағат

Әр ұлттың өз ана тілі болады, ал дүниежүзі халықтарына ортақ бір тіл бар: ол – емеурін, ишара, іс-әрекет, қозғалыс тілі. Осы тілге жағатын би өнері адамзаттың дүниетанымындағы ең алғашқысы. Алғашқы қауымдастықтағы адамдардың кәсіптеріне би-қимыл өнері негізделген. Олар өздерінің тіршілігіне қажетті әрекеттерін үндескен қимыл-қозғалыстың бірлігі арқылы атқарған. Сондықтан ырғақпен үндестік тапқан әртүрлі дене қозғалыстарынан би туындады.

«Қоян» бийі – 2 сағат

Жаңа штрихтарды үйрете отырып, баланың білімділігін тереңдету. Білімін, техникасын, гамма, арпеджио, аккорд, музыка әлеміндегі шығар биік сатыда тұратындығын балалар бойына сіңіру.

«Өзбек» бийі – 2 сағат

Өзбек бийі туралы қысқаша мағлұмат беріп, өзбек бийі қимылдарының тәсілдерін үйрету. Биге деген сезімін, ынтасын оятып, өзіндік қабілетін дамыту. Дене сұлулығына тәрбиелеу.

«Пингвин» бii-2 сағат

Балаларға пингвин қай мезгілде болатынын айтып беру. Пингвин бii туралы түсінік беру, және бiiнің қимылдарымен таныстыру.

«Қазақ» бii-2 сағат

Қазақ халқының салт дәстүрін балаларға түсіндіре отырып, аналардың әшекей бұйымдарын қимыл арқылы көрсету.

«Ара» бii-2 сағат

Балаларға араның түр түсінкөрсетіп айту, ара бiiнің қимылдарын үйрету.

«Қоштасу вальсі» бii-2 сағат

Балаларға жұп бiiнің мағынасын түсіндіру, жұп бiiнің қимылын үйрету. Жүппен қатарға тұрып, әуен ырғағымен жәй жүріспен жүреді.

Қортынды-1 сағат

Қыркүйек айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Сәлемдесу «1-позиция және бүтін піше»	Денені тік ұстау, колдарын жандарына созуға үйрету.	Тура шоқырақтау.		«Жаттығамыз»	Сурет	Аудиоматериал.
2-апта	Қолдың позициялары.	Балалар бір сызыққа тұрып, қолдың 1-позициясы екі алақанымыз жоғары қарап тұрады, 2-позиция қолымызды иығымызбен бірге тегіс орналастырамыз 3-позиция екі алақанымыз томен қарай орналасады, ал қолымыз жоғарыда яғни төбемізде орналасады.	Жанымен жүру.	Вальс биі	Даусынан таны.	Сурет.	Орындап беру.
3-апта	Аяқтың позициялары	1,2,3,4,5,6-позицияларын үйрету	Аяқпен жұмыс жасау.			Сурет.	Орындау.
4-апта	Білім мерекесі	Балаларға білім туралы түсінік беру. Сурет арқылы балалармен әңгіме құру. Балаларға білім күніне арналған биді жеткізе білу.		Қазақ биі	«Қаттырам»		Сурет.

Қазан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Күзгі балл	Сурет арқылы, Балаларға күзгі жаңбырдың тамшыларын әңгімелеу.		Бака биі.	Секіру	Сурет	Бірге қосылып айту.
2-апта	Күзгі тал мен жапырақтың қимылдарын үйрету, құстардың жылы жаққа ұшқан қимылын көрсету.	Балаларға күз туралы түсінік беру, сурет арқылы күздің ерекшелігін жеткізу. аяқтың ұшымен секіру, орын алмау, позицияларды ұстау.	Жәй аяқтың ұшымен жүру.		Жаттығамыз.	Сурет.	Аудиоматериал.
3-апта	Ойын күн мен жаңбыр.	Балаларға сурет арқылы күзгі жаңбырдың тамшыларын әңгімелеп беру, ойын арқылы жаңбырдың дыбысын салу.	Аяқпен жұмыс жасау.	Қайталау.		Сурет.	Орындау.
4-апта	Сау бол күз.	Қолшатырмен таныстыру, қолшатырды қолға ұстап үйрету, әуеннің басталуымен аяқталуына баланың мән беруі.	Бірінші алға, артқа, оңға, солға шеңбер арқылы жүру.	Қолшатыр биі	Орын тап	Сурет	Орындап беру.

Қараша айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әліс-тәсілдер
1-апта	Құстар мен жануардың қысқы дайындығы.	Балаларға құстар мен жануарлардың қысқа дайындығын сурет арқылы көрсету.	Байсалды тез, жәй жаттығу жасау музыка арқылы.	«Жапырақтар бий»	Доп кімде	Сурет	Орындау
2-апта	Күзгі тал мен жапырақтың қимылдарын үйрету, құстардың жылы жаққа ұшқанын қимылын көрсету.	Құстың ырғағымен билеп көрсету. Классикалық қимылды қолдану.	Бір қатарға тұру. Бір-бірінің артынан жүру.			Сурет.	Аудиоматериал.
3-апта	Ойын «Күн мен жаңбыр»	Балаларға сурет арқылы, күзгі жаңбырдың тамшыларын әңгімелеп беру, ойын арқылы жаңбырдың дыбысын салу.	Аяқпен жұмыс жасау.	Қайталау			Орындау.
4-апта	Қолдың 1,2,3 позициясын үйрету.	Балалар шеңбер арқылы жүріп, бір сызыққа орналасады, аяқтарымыз екінші позицияда, 2 қолымыз 3 позицияда. Орынымызда тұрып айналамыз, әннің ырғағымен қимылдар жасау.	Қолмен жұмыс жасау.				Орындап беру.

Желтоқсан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Желтоқсан желі патриоттық би қимылын үйрету.	Балаларға желтоқсан көтерілісін түсіндіре отырып, би қимылының қызығушылықтарын дамыту. Патриоттық би қимылын жетілдіру.	Тура шоқырақтау	Сарбаздар биі	«Қатырама»	Сурет	Орындап беру.
2-апта	Күзгі тал мен жапырақтың қимылдарын үйрету, құстардың жылы жаққа ұшқан қимылын көрсету.	Біріншіден аяғмызды 1 позицияда ұстап, жауырынымызды қосып, қолымызды 1 позицияда ұстаймыз.	Жаңа жүру	Қайталау	Даусынан таны.	Сурет.	Орындау.
3-апта	Аяқты дұрыс алып жүру	Балаларға денені тік ұстап, қолды, аяқты дұрыс алып жүруді жеткізу, 3 қадам алға кері артқа.	Бір қатарға тұру, бір-бірінің артынан жүру	Ұлпақар биі		Сурет.	Орындау.
4-апта	Кел жаңа жыл	Қыс мезгілімен таныстырып түсінік беру.		Қайталау	«Сур қоян жуынып жатыр»	Сурет.	Орындап беру.

Қаңтар айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Театр әлемінде, сюжеттік би түрелімен таныстыру және балалардың актерлік сезімін ашу	Сюжеттік бидің ерекшелігі бір-біріне байлаыстыратын би қимылымен жеткізіп, көрсету. Ертегі үзіндісі арқылы сюжеттік би қимылымен таныстыру. Сюжеттік би арқылы актерлік сезімін ашу.	Аяқпен қолмен жұмыс жасау.	Қоян биі	«Орын тап»	Сурет	Аудиомагериал.
2-апта	Спорт менін досым	Балаларға спорт адам денсаулығына пайдалы екендігін толық түсіндіру. Балаларды гимнастикалық суреттермен таныстыру. Әуенге қосылып спорт би элементтерінің ерекшелігін таныту.	Бір орынынан секіріп, қолды бір жоғары, бір төмен көтеріп тұсуру.		Жаттығамыз.	Сурет.	Орындау.
3-апта	Балалардың ден мүшелерін қозғалту.	Балаларға денені тік ұстап, гимнастикалық би қимылдарын үйрету. (шпагат, мостик, колесо) қимылдарын үйрету.	Денемен жұмыс жасау.	Гимнастика биі		Сурет.	Орындау.
4-апта	Ойын: «өз әуенін тауып билеп беру» шарты: әр ұлт өз әуенін тауып билеп беру керек (қазақ, өзбек, орыс, латын) т,б	Әр ұлт әуенін тауып билеп береді, оларға қонаққа қытай мен испан ұлты келіп, өз билерін билеп береді. Оларға барлық ұлт қосылып, шаңырақтың астында қазақ биін билейді.	Секіру, жанымызға алға жүру.		Орамал жуу.	Сурет.	Орындап беру.

Ақпан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Плиенің екі түрін үйрету.	Плиенің екі түрін үйрету. Жартылай жартылай толықтай. Жартылай бір, екі отыру екі, үш, түру. Толықтай, бір, екі, үш, төрт отыру, төрт үш, екі, бір түру.	Аяқпен жұмыс жасау.		Орын тап	Сурет	Аудиоматериал.
2-апта	Қара жорға биін үйрену	Балаларға әуенге қосылып биді үйрету. Қара жорға биінің қимылы арқылы өзіндік бір ерекшелігін таныту. Балаларды казак биінің элементтерімен таныстыру.		Пингвин биі		Сурет.	Орындау.
3-апта	Ұлттық қимыл қозғалысты атап және орындауы.	Ұлттық қимыл қозғалыста толқын, шашпау, фантан, тербелу. Толқын қимылында екі қолымызды алға қарай толқындап жүргізу. Фантан қимылында екі қолымызды 3 позицияда алма - кезек саусақтарымызды шашырату. Тербелу қимылдарында аяғымыз 2 позицияда, қолымыз 2 позицияда оңға – солға тербелеміз.	Денені тік ұстап, қолдарын жандарына созуға үйрету.		Қатырам	Сурет.	Орындау.
4-апта	Хореографиялық жаттығулардың позицияларын атап және орындау.	Қолданылатын қимылдар. Орынынан секіріп, қолды 1 жоғары, 1 төмен түсіру, шеңберді бұзбай жүгіру. 1,2,3,4,5,6 аяқтың позициялары.	Аяқтың ұшымен, өкшемен жұмыс жасау.	Қазақ биі		Сурет.	Орындап беру.

Наурыз айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Салематсызба? Көктем! Ертеңгілік әйелдер күніне орай арналған мейрам	Балаларға мерекені сезіндіру, сурет арқылы әңгіме құру. Әуенге ілесіп би арқылы гүлдердің пішінін құрып, анаға деген мерекелік сезімін ашу.	Шеңбер жасау тура шоқырақтау		Жаттығамыз.	Сурет	Аудиоматериал.
2-апта	Гүлдер биі	Бишілер ортаға шығып қолдарын ашып шеңбер жасап, қолдарын төменге түсіріп музыка тактна қарай тізерлеп отыралды. Шеңберді айналып әр биші өз орынын тауып гүлдің пішінін салады. Қолдарымен оңға, солаға сәл қисайып табиғаттың гүлденгенін бимен салу.	Алға артқа жанымызбен жүру	Көбелектер биі		Сурет.	Орындау.
3-апта	Әжеге сыйлық ертегісін оқып беру, өзіне акцент бойынша аяқ сілтеу.	Балаларды марш пен жүргізу, шеңберге тұру, аяқтың өкшесімен жүру, аяқтың ұшымен жүру.	Өкшемен аяқтың ұшымен жүру		Даусынан таны.	Сурет.	Орындау.
4-апта	Наурыз жыл басы.	Сурет арқылы балаларға наурыз туралы толық түсінік беру. Би арқылы көктемгі құстардың бейнесін би қимылдарымен жеткізу.	Аяқ арқылы жаттығу жасау	Наурыз биі		Сурет.	Орындап беру.

Сәуір айы

Апта	Тақырыбы	Максаты	Сергіту жағтығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	Сәуір күлкі күні. Саңырау құлақ ертегісін оқып беру.	Балаларға саңырау құлақ ертегісін оқып беріп, ертегінің ерекшелігін түсіндіре кету.				Сурет	Аудиоматериал.
2-апта	Көктем туралы түсінік айту	Балаларға көктемде құстар қайтып келетінін, жер көгеретінін, талдардың бүршік ататынын айтып беру.	Шенбер жасау, 1 қатарға тұру	Гүлдер биі	Орамал жуу.	Сурет.	Орындау.
3-апта	Би мейрамы. «Сахна көркі – сұлу би»	Шара Жиенқұлованың өмір баянымен таныстыру. Әр топ балалары әр ұлттық билерімен билеп жарысу.				Сурет.	Орындау.
4-апта	Дене бас, саусак қалыптары, өкшеге арнаған қимыл.	Балалардың денелерін тік ұстау, аяқ 1 позицияда қолымыз 1 позицияда, басымыз оң жаққа қарап тұрады, ішімізді тартамыз. Еденде аяқ ұшымен жүру аяқ ұшымен жүру	Аяқпен жұмыс жасау	Көктем биі	Қимыл ойыны. Дом кімде	Сурет.	Орындап беру.

Мамыр айы

Апта	Тақырыбы	Максаты	Сергіту жаттығу	Би	Қимылды ойын	Көрнекілік құралдар	Методикалық әдіс-тәсілдер
1-апта	9 мамыр жеңіс күні	Балаларға жеңіс күнінің қалай жеткенін ұғындыру.	Тура шоқырақтау жанымызда жүру			Сурет	Аудиоматериал.
2-апта	Катюша биі	Балаларға әуенді тыңдау, балаларға сурет арқылы түсінік беру, патриоттық қимылдармен таныстыру.	Маршпен жүру. I қатарға тұру, біртүрлінің артынан жүру.	Катюша биі	Жаттығамыз	Сурет.	Орындау.
3-апта	Қол аяқ позицияларын жасау.	Қол аяқ позицияларын қайталау, денелерін тік ұстау.	Аяқпен қолмен жұмыс жасау.			Сурет.	Орындау.
4-апта	Қош бол бала бақша	Вальс биінде балалар көбінде 6 позицияны қолданады. Вальс биінің қимылдарын көрсету.	Шеңбер жасау, байсалды жәй жаттығу	Қоштау вальсі биі	Даусынан таны	Сурет.	Орындап беру.

«Би өнері» вариативті сабағының тақырыптық жоспары
аптасына – 1 сағат, жылына – 36 сағат

№	Тақырыбы	Сағаты саны
1	Би туралы түсінік	1
2	Халық биі «Қара жорға»	2
3	«Гүлдер» биі	2
4	Қазіргі би ыргактары	2
5	Балдыргандар вальсі	2
6	«Сарбаздар» биі	2
7	«Гном» биі	2
8	«Құстар» биі	2
9	Халық биі «Айгөлек»	2
10	«Пингвин» биі	2
11	«Қоян» биі	2
12	«Чунга – чанга» биі	2
13	«Әр ұлттың биі папури»	2
14	«Қазақ » биі	2
15	«Өзбек» биі	2
16	«Ара» биі	2
17	«Қоштасу вальс» биі	2
18	«Көбелек» биі	2
19	Қортынды	1

«Би өнері» вариативті сабағының такырыптық жоспары
аптасына – 1 сағат, жылына – 36 сағат

№	Такырыбы	Сағаты саны
1	Би туралы түсінік	1
2	Халық биі «Қара жорға»	2
3	«Гүлдер» биі	2
4	Қазіргі би ыргақтары	2
5	Балдырғандар вальсі	2
6	«Сарбаздар» биі	2
7	«Гном» биі	2
8	«Құстар» биі	2
9	Халық биі «Айгөлек»	2
10	«Пингвин» биі	2
11	«Қоян» биі	2
12	«Чунга – чанга» биі	2
13	«Әр ұлтың биі папури»	2
14	«Қазак »биі	2
15	«Өзбек» биі	2
16	«Ара» биі	2
17	«Қоштасу вальс» биі	2
18	«Көбелек» биі	2
19	Қортынды	1